



«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ XIII съезінде бекітілді «9» қазан 2014 жыл.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ XIV съезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді 2019 жылғы «9» қазан.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ Салалық Кеңесінде №5, 2-тармақ Қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2022 жылғы «12» қазан.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің ЖАРҒЫСЫ

Астана – 2022

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» (әрі қарай мәтін бойынша – Кәсіподақ) ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік түріне қарамастан оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім мекемелерінде, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білімді басқару органдарында жұмыс атқаратын, кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын азаматтардың ерікті ұйымы болып табылады.

Кәсіподақ салалық кәсіптік одақ болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады.

1.2. Кәсіподақ Жарғысын өз бетінше әзірлейді және бекітеді.

1.3. Кәсіподақ өз қызметінде барлық деңгейдегі мемлекеттік билік органдарынан, жұмыс берушілер және олардың бірлестіктерінен, саяси партиялар және өзге де қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз, оларға есеп бермейді және бақылауында болмайды. Кәсіподақ олармен өзара қарым-қатынасын теңқұқылық, әлеуметтік әріптестік пен өзара әрекет ету негізінде, сондай-ақ ұжымдық шарттар, келісімдер, өз мүшелерінің мүддесі үшін жүргізілетін диалог пен серіктестік негізінде жүзеге асырады.

1.4. Кәсіподақ заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілері және осы Жарғы негізінде жүзеге асырады.

1.5. Кәсіподақ өз мүшелерінің және мүшелік ұйымдарының мүлкінен бөлек мүлікке иелік етеді және олардың міндеттемелері бойынша жауапкершілік артпайды.

1.6. Кәсіподақ заңды тұлға мәртебесіндегі өз ұйымдарын құруға, Қазақстан Республикасының аумағында құрылымдық бөлімшелер құқығындағы өз филиалдарын, өкілдіктерін құруға құқылы.

1.7. Филиалдар мен өкілдіктерге Кәсіподақ мүліктері беріледі және бекітілген Ереже негізінде қызмет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлігі жеке баланста және Кәсіподақтың балансында есепке алынады.

1.8. Кәсіподақ Атқару комитетімен бекітілетін бірыңғай үлгідегі кәсіподақ билетін, құрмет грамотасын, төсбелгілерін, ерекшелудің өзге де белгілерін иемдене алады.

1.9. Кәсіподақ, Кәсіподақтың құрылымдық ұйымдары заңды тұлға құқығына (мәртебесіне) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ие болады.

1.10. Кәсіподақ, Кәсіподақтың заңды тұлға мәртебесіндегі құрылымдық ұйымдары, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктері банктерде есепшоттар,

ұйымның мемлекеттік тілдегі атауы көрсетілген мөр, бланкілер, ұйымның атауы көрсетілген мөртабан иемдене алады.

Кәсіподақ және оның заңды тұлға мәртебесіндегі ұйымдары өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иемденуге және жүзеге асыруға, жауапкершілік алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

1.11. Кәсіподақ қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.12. Мемлекеттік тілдегі толық атауы:

- «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі;

Орыс тіліндегі толық атауы:

- Общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников просвещения, науки и высшего образования».

1.13. Кәсіподақтың басшы органдарының мекенжайы мен орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, № 38 үй.

1.14. Кәсіподақтың өз символикасы – эмблемасы мен жалауы бар.

Эмблеманың суреттемесі: эмблема ашылған ақ, ал сыртқы контур сызбалары қою көк түсті кітап түрінде бейнеленген. Кітаптың орта тұсында қою көк түспен «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» деген мәтін жазылған. Кітаптың арғы жағында жарты диск түріндегі жан-жаққа сәулесі шашылған күн шығыс бейнеленген. Диск пен сәулелер алтын сары түсті.

Жалаудың суреттемесі: жалау тіктөрт бұрыш түріндегі кездеме, жалау кездемесінің арақатынасы 1:2. Кездеме түсі – көк. Жалаудың ортасында Кәсіподақ эмблемасы орналасқан. Кездеменің жалау сабына бекітілген шетінен эмблема шетіне дейінгі аралық жалау ұзындығының төрттен біріне тең.

Эмблема мен жалау эскиздері қоса берілген.

2. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, ПРИНЦИПТЕРІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Кәсіподақ қызметінің мәні кәсіптік одақ мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

2.2. Кәсіподақ өз қызметін еріктілік, дербестік, демократия, ынтымақтастық, заңдылық, теңқұқылық, жариялылық, ұйымдық бірлік ұстанымдары (принциптері) негізінде жүзеге асырады.

2.3. Кәсіподақ қызметінің негізгі мақсаттары:

- Кәсіподақ мүшелерінің өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру;
- мемлекетке оқу-ағарту, ғылым және жоғары білімнің басымдылық саясатын жүзеге асыруға септік ету.

2.4. Кәсіподақ қызметінің негізгі міндеттері:

- Кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ ұйымдарының кәсіби ынтымағын, өзара көмегі мен серіктестігін нығайту және дамыту;

- әлеуметтік әріптестікті дамыту.

2.5. Кәсіподақ жарғылық мақсатарға қол жеткізу мен міндеттерін шешу үшін барлық деңгейдегі сайланбалы органдары, уәкілетті өкілдері арқылы:

2.5.1. Ұжымдық келіссөздер жүргізіп, келісімдер, ұжымдық шарттар жасайды, олардың жүзеге асырылуына ықпал етеді. Салалық келісім жасауда әлеуметтік әріптестіктің тарапы болып табылады, келісімнің жобасын әзірлеу мен оны жасау жөніндегі келіссөздерге қатысады. Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық үшжақты (екіжақты) комиссияның жұмысына қатысады.

2.5.2. Қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарына қатысты заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерге ұсыныстар әзірлеуге, сондай-ақ Кәсіподақ мүшелерінің мүдделеріне байланысты әлеуметтік-экономикалық саясат сұрақтары, әлеуметтік бағдарламаларды жасақтау мен өзге де сұрақтарды әзірлеу мен талқылауға қатысады.

2.5.3. Білім алушылардың әртүрлі кәсіптік-біліктілік топтарының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін, сала қызметкерлерінің өмір сүру деңгейінің өлшемдерін айқындау, кәсіподақ мүшелерінің табыстарын (еңбекақы, шәкіртақы, зейнетақылар, басқа да әлеуметтік төлемдер) реттеу бойынша ұсыныстарды әзірлеуге қатысады, қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін, өсуді ескере отырып, тауарлар мен қызметтерге бағалар мен тарифтерді зерделейді.

2.5.4. Мекеменің (ұйымның) қайта құрылуы немесе таратылуы салдарынан босап қалатын қызметкерлер-кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысады.

2.5.5. Еңбек заңдылығының сақталуына, ұжымдық шарттар мен келісімдердің орындалуына, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жағдайына, әлеуметтік сақтандыру мен денсаулықты қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй жағдайын жақсарту мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғаудың өзге де түрлері саласындағы заңдылықтың сақталуына қоғамдық бақылау жүргізеді.

2.5.6. Кәсіподақ мүшелерінің тапсыруы, сондай-ақ өз бастамасы бойынша олардың еңбек құқықтарын қорғау үшін еңбек дауларын қарайтын органдарға арыз-өтініштер жолдайды.

2.5.7. Кәсіподақ мүшелері, олардың отбасы өкілдері арасында сауықтыру және мәдени-ағарту шараларын ұйымдастыру мен өткізуді жүргізеді; санаторлы-курорттық емдеу, демалыс, туризм, бұқаралық дене тәрбиесі мен спорттық мекемелер мен кәсіпорындарды дамыту бойынша мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен өзара қарым-қатынас жасайды.

2.5.8. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына сәйкес сайлау науқандарына қатысады.

2.5.9. Шаруашылық, кәсіпкерлік қызметпен айналысады, кәсіпорындар мен мекемелер, әртүрлі қорлар мен өзге де ұйымдар ашады. Қолданыстағы заңдылықпен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады, ол қызметтерден түскен пайда Кәсіподақтың жарғылық міндеттеріне қол жеткізуге бағытталады.

2.5.10. Кәсіподақ мүшелеріне тегін әдістемелік, кеңесшілік, құқықтық, сондай-ақ материалдық және қайырымдылық көмек көрсетеді.

2.5.11. Кәсіподақ кадрларын даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін көтеруді, кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақ мүшелерін оқытуды жүргізеді.

2.5.12. Салалық кәсіподақтармен, өзге қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасайды, кәсіподақтар бірлестіктеріне кіре алады.

2.5.13. Халықаралық кәсіподақ қозғалысына қатысады, өзге мемлекеттердің кәсіподақтарымен, оның ішінде халықаралық кәсіподақтық және өзге бірлестіктер мен ұйымдарға кіру, олармен келісімдер және келісімшарттар жасау жолымен серіктестік ете алады.

3. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Кәсіподақтың:

3.1.1. өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өз өкілеттігі шегінде, жұмыс берушілермен, жекеше кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен (қауымдастықтармен, одақтармен), өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда қызметкерлердің өкілдері болуға;

3.1.2. өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талаптар беруге, медиация жүргізу кезінде, сотта, аралық сотта, өзге органдарда олардың мүдделерін жақтап әрекет етуге, оларға өзге де құқықтық көмек көрсетуге;

3.1.3. мемлекеттік органдарға кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын, олар қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің толық немесе ішінара күшін жою не оларды өзгерту туралы өтініш жасауға;

3.1.4. мемлекеттік органдардың кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын актілері бойынша сотқа шағымдануға;

3.1.5. еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысуға;

3.1.6. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысуға;

3.1.7. өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

3.1.8. келіссөздер жүргізуге, келісімдер және ұжымдық шарттар жасасуға;

3.1.9. ақша қорларын қалыптастыруға;

3.1.10. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссия) құрамында еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіби науқастанудың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізу бойынша жұмыс берушімен бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастыруға;

3.1.11. азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

3.1.12. кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына өз өкілдерін жіберуге;

3.1.13. заңнамада белгіленген тәртіппен ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер мен демонстрациялар ұйымдастыруға және өткізуге;

3.1.14. мемлекеттік органдарға кәсіподақтар туралы заңнаманы бұзатын, келісімдерде және ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3.1.15. баспа қызметімен айналысуға, өз жұмысын баспасөзде және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында, мекемелерде жария етуге;

3.1.16. меншік иеленуге;

3.1.17. жарғылық мақсаттарға сәйкес келетін өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

3.2. Кәсіподақ:

3.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғының ережелерін, кәсіподақ органдарының шешімдерін сақтауға;

3.2.2. ұжымдық шарт, салалық, өңірлік, бас келісімдер бойынша міндеттемелерді орындауға;

3.2.3. өкілеттіктер шегінде әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;

3.2.4. Кәсіподақ мүшелерінің заңнамада белгіленген ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, демонстрациялар мен өзге де акциялар ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

3.2.5. Кәсіподақ мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізе алуды дамыту және пәтуаға қол жеткізу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;

3.2.6. қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдесуге;

3.2.7. осы Жарғыда айқындалған шарттарда және тәртіппен кәсіподақ мүшелеріне қаржының түсуі және жұмсалуы туралы ақпарат беруге;

3.2.8. Кәсіподақ мүшелік ұйымы болып табылатын әлеуметтік әріптестік органдары мен кәсіподақтардың шешімдерін орындауға міндетті.

4. КӘСІПОДАҚТАҒЫ МҮШЕЛІК, МҮШЕЛІККЕ ИЕ БОЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖОҒАЛТУ, КӘСІПОДАҚТАН ШЫҒУ ТӘРТІБІ МЕН РЕТІ. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Кәсіподақ Жарғысын мойындайтын және кәсіподақтың мүшелік жарнасын төлейтін жеке тұлға Кәсіподақ мүшесі бола алады:

- оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім мекемелерінде еңбек шарты бойынша еңбек міндеттерін жүзеге асыратын қызметкерлер;

- бұрын соңды Кәсіподақта мүшелікте болған - оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім жүйесінің бұрынғы қызметкерлері - жұмыс істемейтін зейнеткерлер, зейнетке шыққандар;

- еңбек қызметін уақытша тоқтатқан қызметкерлер, еңбек қатынастарын сақтау мерзіміне;

- штат немесе қызметкерлер санының қысқаруымен, мекеменің жойылуымен байланысты жұмыссыз қалған қызметкерлер, жұмысқа орналасу кезеңіне, бірақ 6 айдан артық емес мерзімге;

- шетелдік немесе бірлескен кәсіпорында, шетелдегі білім беру ұйымында еңбек ету (білім алу) туралы мерзімді келісім жасағандар, келісім мерзімі аяқталғаннан кейін оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім мекемесіне қайта оралу шарты болған жағдайда;

- кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылар.

Осы тармақтың 4, 5, 6 абзацтарында көрсетілген тұлғалар мүшелік жарна төлеуден босатылады.

4.2. Кәсіподақ мүшесіне қабылдау бастауыш кәсіподақ ұйымына, ал оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім жүйесінің ұйымында бастауыш кәсіподақ ұйымы болмаған жағдайда – Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымына жазбаша түрде берілген жеке өтініш бойынша жүргізіледі.

4.3. Кәсіподаққа қабылдау және Кәсіподақтағы мүшеліктің тоқтатылуы тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органының шешімімен ресімделеді.

4.4. Кәсіподақ мүшелігі, кәсіподақтық өтіл Кәсіподаққа мүшелікке қабылдау туралы өтініш берілген күннен бастап есептеледі.

4.5. Кәсіподаққа қабылданған қызметкерге немесе білім алушыға сайланбалы кәсіподақ органымен Кәсіподақтағы бірыңғай үлгідегі мүшелік билет беріліп, ол Кәсіподақтағы мүшелікті куәландырады және Кәсіподақ мүшесінде сақталады.

4.6. Кәсіподақ мүшесі, ереже бойынша, негізгі жұмыс, оқу орны бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымында есепте тұрады.

Өзге бастауыш кәсіподақ ұйымына есепке алу туралы шешімді Кәсіподақтың сәйкес ұйымының сайланбалы алқалы органы қабылдайды.

4.7. Кәсіподақ билетінде Кәсіподақтың Атқару комитетімен белгіленген тәртіппен кәсіподақтық мүшелік жарнаның төленуі туралы белгі қойылуы мүмкін.

4.8. Кәсіподақ мүшелерінің есебі Кәсіподақтың Атқару комитетімен қабылданған, Кәсіподақ мүшелерінің есебі туралы ұсыныстарға сәйкес қағаз немесе электронды түрдегі журнал нысанында бастауыш кәсіподақ ұйымында жүргізіледі.

4.9. Кәсіподақ мүшелері санының жалпы есебі Кәсіподақ пен Кәсіподақтың сәйкес аумақтық ұйымының сайланбалы органымен жүргізіледі.

4.10. Кәсіподақтағы мүшеліктің тоқтатылуы келесі жағдайларда:

- кәсіподақтан ерікті түрде шыққанда;

- оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім жүйесінің ұйымымен еңбек қатынастары тоқтатылғанда, білімгерлер білім беру ұйымын аяқтағанда (шығарылғанда);

- зейнетке шығуымен байланысты еңбек қатынастары тоқтатылғанда, егер зейнеткер бастауыш кәсіподақ ұйымында кәсіподақтық есепте қалу туралы ерік білдірмесе;

- кәсіподақтан шығарылғанда;

- кәсіподақ мүшесінің қазасына байланысты жүргізіледі.

4.11. Кәсіподақтан шығу бастауыш кәсіподақ ұйымына берілген жеке өтініш негізінде жүргізіледі.

Кәсіподақтағы мүшелік Кәсіподақтан шығу туралы өтініш берілген күннен бастап тоқтатылады.

4.12. Кәсіподақтағы мүшелікті тоқтатқан немесе кәсіподақтан шығарылған тұлға кәсіподақтық қорғау, ортақ кәсіподақтық меншік пен кәсіподақтық жеңілдіктерді пайдалану құқығынан айырылады. Кәсіподаққа төленген мүшелік жарналар кері қайтарылмайды, кәсіподақ билеті бастауыш кәсіподақ ұйымына тапсырылады.

4.13. Кәсіподақ мүшелігінен шығарылған тұлға кәсіподаққа арыз жазған кезден бастап жалпы негізде қайта қабылдана алады.

4.14. Кәсіподақ мүшелігінен шыққан тұлға Кәсіподаққа, жалпы негізде, қайта қабылдана алады. Кәсіподақтық өтілі бұл жағдайда Кәсіподаққа қайта қабылданған мерзімнен бастап есептеледі.

4.15. Кәсіподақ мүшесіне Жарғылық міндеттерді орындамағаны, оның ішінде үш айдан артық емес мерзім мүшелік жарнаны дәлелді себепсіз төлемегені немесе Кәсіподаққа нұқсан келтіретін әрекеттері үшін келесі жазалау шаралары қолданылуы мүмкін: ұялту, сөгіс, кәсіподақтан шығару туралы ескерту.

4.16. Жарғы ережелерін өрескел бұзған, үш айдан артық уақыт мүшелік жарнаны дәлелді себепсіз төлемеген кәсіподақ мүшесі кәсіподақтан шығарылады.

4.17. Кәсіподақ мүшесіне жаза белгілеу туралы сұрақ бастауыш кәсіподақ ұйымымен, сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарымен, Кәсіподақтың жоғары тұрған ұйымының сайланбалы алқалы кәсіподақ органымен шешіледі.

4.18. Кәсіподақ мүшесіне жаза белгілеу туралы шешім оның қатысуымен қабылданады. Егер Кәсіподақ мүшесі өзінің жауапкершілігі туралы сұрақты қарауға қатысуға дәлелді себепсіз бас тартса, жауапкершілік туралы сұрақ оның қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

4.19. Кәсіподақ мүшесіне жаза белгілеу туралы сұрақ, егер ол шешім үшін жиналысқа немесе сайланбалы алқалы кәсіподақ органының отырысына, кворум болған жағдайда, қатысушылардың кемінде екіден үші дауыс берсе қабылданды деп есептеледі.

5. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Кәсіподақ мүшесі:

5.1.1. кәсіподақ тарапынан өзінің әлеуметтік-еңбек, кәсіби құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына;

5.1.2. Кәсіподақ және оның ұйымдарымен жасалған ұжымдық шарттар мен келісімдердің нәтижесінде қызметкерлер үшін көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдалануға;

5.1.3. кәсіподақ ұйымдарының қызметіне атсалысуға;

5.1.4. кәсіподақ органдарының қызметі туралы ақпарат алуға, шешімдерді әзірлеу, талқылау және қабылдауға қатысуға;

5.1.5. Сайланбалы кәсіподақ органдарына, кәсіподақ жиналыстары мен съездеріне делегат сайлауға және сайлануға;

5.1.6. Өз мүдделеріне қатысты сұрақтар талқыланатын сайланбалы кәсіподақ органының отырыстарына қатысуға;

5.1.7. Кәсіподақ қызметіне қатысты сұрақтар бойынша тегін кеңестер мен құқықтық көмек алуға;

5.1.8. Жеке өтініші негізінде кәсіподақтан ерікті түрде шығуға құқылы.

5.2. Кәсіподақ қызметіне белсенді араласқаны және атсалысқаны үшін Кәсіподақ мүшелері келесі ынталандыру (көтермелеу) түрлеріне ие бола алады:

- алғыс жариялау;
- сыйлықақы беру;
- бағалы сыйлық беру;
- ерекше белгілермен және құрмет грамоталарымен марапаттау;
- өзге де ынталандыру шаралары.

Кәсіподақ мүшелері белгіленген тәртіппен Құрмет грамоталарымен, кәсіподақ бірлестіктерінің (қауымдастықтары) ерекше белгілерімен және мемлекеттік наградалармен, құрметті атақтармен марапатталуға ұсыныла алады.

5.3. Кәсіподақ мүшесі:

5.3.1. Кәсіподақ пен оның ұйымдарының Жарғысын, кәсіподақ ұйымдарының шешімдерін орындауға;

5.3.2. Кәсіподақтың негізгі жұмыс, оқу орны бойынша бастауыш ұйымында есепте тұруға;

5.3.3. Мезгілінде, белгіленген мөлшерде мүшелік жарналарды төлеп тұруға;

5.3.4. Ұжымдық шарттармен, келісімдермен көзделген міндеттемелерді орындауға;

5.3.5. Кәсіподақтың беделі мен мәртебесінің артуына ықпал етуге, Кәсіподаққа нұқсан келтіретін және осы Жарғыға қайшы келетін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

5.4. Кәсіподақ мүшесі бір мезгілде өзге кәсіподақтарда мүшелікте бола алмайды.

6. САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҚТАҒЫ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӘСІПОДАҚТАР БІРЛЕСТІГІНДЕГІ МҮШЕЛІК ҰЙЫМ СИПАТЫНДАҒЫ МҮШЕЛІК

6.1. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары болып, Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес құрылған облыстық, астана – Астана қаласындағы, республикалық мәндегі қалалар – Алматы, Шымкент кәсіподақ ұйымдары (әрі қарай – мүшелік ұйымдар) есептеледі.

6.2. Кәсіподаққа жаңа мүшелік ұйымдарды қабылдау өкілетті органның шешімі мен жазбаша өтініші негізінде Кәсіподақтың Атқару комитетімен жүзеге асырылады. Мүшелік ұйымды Кәсіподаққа қабылдаудың міндетті шарты осы Жарғыны орындау болып табылады.

6.3. Кәсіподақтағы мүшелік:

- мүшелік ұйымның жоғары басқарушы органының (конференцияның) Кәсіподақтан шығу туралы шешімі бойынша;
- мүшелік ұйым таратылған жағдайда;
- мүшелік ұйым Кәсіподақтың құрамынан шығарылуымен байланысты тоқтатылуы мүмкін.

6.4. Мүшелік ұйымды Кәсіподақтан шығару туралы шешім Кәсіподақтың Орталық Комитетімен қабылданады және ол үшін Кәсіподақтың Орталық Комитетінің отырысқа қатысқан мүшелерінің, кворум болғанда, үштен екісі жақтап дауыс берсе қабылданған деп есептеледі.

6.5. Кәсіподақтағы мүшелігі тоқтатылған мүшелік ұйымдар Кәсіподақтың меншігіне, сондай-ақ Кәсіподаққа берілген мүшелік жарналар мен мүлікке құқық иелене алмайды.

6.6. Мүшелік ұйымдар:

6.6.1. өз ұйымдарына Кәсіподақ органдарында өкілеттік етуге (танытуға), өз өкілдерін осы органдарға сайлауға, оларды кері шақыруға және алмастыруға;

6.6.2. Кәсіподақтың салалық келісімді әзірлеу мен жасау қызметіне қатысуға және ұсыныс енгізуге;

6.6.3. Кәсіподақ органдарына кәсіподақ қызметінің жарғылық сұрақтары бойынша сұраныс (өтініштер) жолдап және тиісті ақпарат, кеңестер мен көмек алуға, мемлекеттік органдарда өз құқықтары мен мүдделерін құқықтық қорғауға;

6.6.4. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің қарауына құжаттар жобаларын енгізуге;

6.6.5. Кәсіподақтың мүмкіндіктерін кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін оқытуға, ақпарат алу мен таратуға пайдалануға құқылы.

6.7. Мүшелік ұйымдар:

6.7.1. Кәсіподақ Жарғысын орындауға, кәсіподақшілік тәртіпті сақтауға, Кәсіподақ органдарының шешімдерін орындауға және олардың орындалуына жауапкершілік алуға;

6.7.2. белгіленген тәртіппен, мезгілінде және тиісті мөлшерде мүшелік жарналарды төлеуге;

6.7.3. кәсіподақ мүшелерінің саны туралы статистикалық мәліметтерді, қаржылық есептілікті, Кәсіподақ органдарымен белгіленген тәртіппен өзге де ақпараттарды беруге міндетті.

6.8. Кәсіподақ мүшелік ұйым ретінде кәсіподақтардың республикалық бірлестіктеріне кіруге құқылы.

6.9. Кәсіподақтар Федерациясының басшы органдарының шешімдері Кәсіподақтың барлық деңгейдегі органдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

7. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ. КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖАСАҚТАЛУ ТӘРТІБІ, ҚҰЗЫРЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

7.1. Кәсіподақ ұйымдық бірлік пен тұтастық ұстанымы бойынша құрылып:

- Кәсіподаққа кіру еріктілігін, барлық кәсіподақ мүшелері үшін тең құқықтарды;

- Кәсіподақтың бірлігі мен беделін нығайтуды, Кәсіподақтың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда әрекеттерді біріктіруді, өзара көмек пен ынтымақты;

- Кәсіподақтың барлық ұйымдары мен органдарының жұмысындағы алқалылықты, өзара сенімділікті, кәсіподақ органдарына сайланған (жолданған) қызметкерлердің жеке жауапкершілігін, жоғары тұрған сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарының шешімдерін орындауды;

- Кәсіподақтың әрбір мүшесінің пікірін құрметтеуді, қорғалу құқығын иемденуді, өз ұстанымын түсіндіруді (жеткізуді);

- Кәсіподақ органдарының төменнен жоғарыға дейінгі сайланбалылығын, олардың жұмысындағы жариялылық пен есептілікті көздейді.

7.2. Кәсіподақ мүшелері бастауыш кәсіподақ ұйымдарына бірігеді.

7.3. Кәсіподақтың ұйымдық құрылымының негізі бастауыш кәсіподақ ұйымы болып табылады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымдары аумақтық: аудандық, қалалық, мүшелік ұйымдарға, Кәсіподақ филиалдарына бірігеді.

7.4. Кәсіподақтың ұйымдары олардың құзыретін жүзеге асыратын, жиналыстар, конференциялар арасындағы кезеңде қызметін ұйымдастыратын алқалы және жеке басқарылатын сайланбалы органдарды сайлайды.

7.5. Кәсіподақ мүшелерінің саны 15 және одан да аз болған бастауыш кәсіподақ ұйымдарында сайланбалы алқалы кәсіподақ органын сайламауға болады.

Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін толыққанды таныту, жүзеге асыру мен қорғау үшін Кәсіподақ құрылымының барлық деңгейіндегі кәсіподақ

ұйымдарында және сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарында кәсіподақ топтары, комиссиялар, секциялар мен өзге де құрылымдық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

7.6. Кәсіподақтың ұйымдары жиналыстарда, конференцияларда бекітілетін және Кәсіподақтың жоғары тұрған сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарында есепке алынатын жарғылар, ережелерге сәйкес қызмет етеді.

Кәсіподақ ұйымдарының Жарғылары, ережелері Кәсіподақтың Орталық Комитетімен бекітілетін үлгілік жарғылар, осы ұйымдар туралы ережелер негізінде әзірленеді.

7.7. Съезд, конференция егер оның жұмысына (кворум болған жағдайда) делегаттардың кемінде екіден үші қатысса құқылы деп есептеледі.

Бастауыш кәсіподақ ұйымының жиналысы, сайланбалы алқалы кәсіподақ органының отырысы оған Кәсіподақ мүшелерінің, сайланбалы алқалы кәсіподақ органы мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда құқылы деп саналады.

Шешім, жиналысқа, отырысқа қатысқандардың (кворум болған жағдайда), жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, егер осы Жарғымен өзге шарт көзделмесе, қабылданған болып есептеледі.

Дауыс берудің тәртібі мен нысанын (жабық, ашық) жиналыс, конференция, съезд, сайланбалы алқалы кәсіподақ органы белгілейді.

7.8. Кәсіподақ құрылымының барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдары Кәсіподақтың Орталық Комитетімен белгіленген тұрақты бір кезеңде, кемінде 5 жылда 1 рет, есеп беру мен сайлауды өткізеді. Кәсіподақтың барлық сайланбалы органдары мен оның мүшелік ұйымдарының өкілеттік мерзімі - 5 жыл.

7.9. Есеп беру-сайлау жиналысын, конференциясын, Съезін шақыру күні мен күн тәртібі:

- бастауыш кәсіподақ ұйымындағы жиналыс – кемінде 15 күн бұрын;
- аудандық, қалалық, облыстық аумақтық ұйымдарда, Кәсіподақ филиалдарында – кемінде бір ай бұрын;
- Кәсіподақ Съезі – кемінде бір ай бұрын хабарланады.

7.10. Съезге, конференцияға сайланатын делегаттардың өкілеттік мөлшері мен сайлау тәртібі сайланбалы алқалы кәсіподақ органымен белгіленеді.

7.11. Кәсіподақ органдарын сайлау тікелей енгізу жолымен немесе жиналыс, конференция, Съезде жүргізілуі мүмкін.

Сайланбалы кәсіподақ органының сандық құрамы мен жасақталу (сайлану, тікелей енгізу) тәртібін жиналыс, конференция, Съезд, сондай-ақ тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органы белгілейді.

Кәсіподақтың бастауыш, аумақтық аудандық (қалалық), Кәсіподақтың мүшелік ұйымының, Кәсіподақ филиалының төрағасын, Кәсіподақ төрағасын сайлау тиісті Кәсіподақ жиналысы, конференциясы, Съезінде жүргізіледі.

7.12. Тікелей енгізу (ұсыну) принципі бойынша сайланған кәсіподақ органының мүшесін оны ұсынған және енгізген Кәсіподақ ұйымы өз шешіміне сәйкес кері шақырып ала алады. Бұл жағдайда сайланбалы алқалы

кәсіподақ органының құрамына Кәсіподақтың сәйкес ұйымының шешімімен өзге өкіл жолданады (енгізіледі).

Сайланбалы алқалы кәсіподақ органдары олардың құрамына сайланған (енгізілген, ұсынылған) мүшелерінің кемінде 50% болғанда құқықты (құзырлы) болып есептеледі.

7.13. Кәсіподақтың бастауыш, аумақтық аудандық (қалалық), Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары, Кәсіподақ филиалы, олардың сайланбалы алқалы кәсіподақ органдары, Кәсіподақ ұйымдарының төрағалары осы Жарғыны орындамаған жағдайда бұл ұйымдармен және тұлғалармен өзара қарым-қатынас туралы сұрақ Кәсіподақтың тиісті жоғары тұрған ұйымының сайланбалы алқалы кәсіподақ органымен шешіледі.

Кәсіподақ ұйымдары мен олардың сайланбалы кәсіподақ органдарының осы Жарғыны бұза отырып қабылданған шешімдерінің күші Кәсіподақтың жоғары тұрған ұйымының сайланбалы алқалы кәсіподақ органымен жойылуы мүмкін.

7.14. Кәсіподақ ұйымының кезектен тыс жиналысы, конференциясы тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органының шешімі бойынша оның өз бастамасымен, бастауыш кәсіподақ ұйымында – Кәсіподақ мүшелерінің кемінде үштен екісінің талабы бойынша; аумақтық аудандық (қалалық) ұйым мен Кәсіподақ филиалында – бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кемінде жартысының талабы бойынша; Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарында филиалдарының кемінде екіден үшінің талабы бойынша; Кәсіподақтың жоғары тұрған ұйымының сайланбалы алқалы кәсіподақ органының талабы бойынша өткізіледі.

Күн тәртібі мен өткізу күні осы Жарғыға сәйкес хабарланады.

Қолданыстағы заңдылықты және (немесе) осы Жарғыны бұзу мерзімінен бұрын сайлау өткізу, сайланбалы алқалы кәсіподақ органының, Кәсіподақ құрылымының кез-келген деңгейдегі ұйым төрағасының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз бола алады.

Кәсіподақ ұйымдарының төрағаларын мерзімінен бұрын жұмыстан босату құқығы оларды сайлаған органға немесе Ұйым Жарғасына сәйкес өзге органға тиесілі.

7.15. Атқарушы органдар Кәсіподақтың Атқару комитетімен бекітілетін есептілік кестесіне сәйкес жоғары тұрған кәсіподақ ұйымдарына мерзімді түрде тақырыптық және қаржылық есептер беріп отырады. Тексеру өткізу мен олардың нәтижелерін бекіту тәртібі Кәсіподақтың бақылау-тексеру органдары туралы Ережесімен белгіленеді.

8. КӘСІПОДАҚ КАДРЛАРЫ

8.1. Кәсіподақ кадрлары (кәсіподақ қызметкерлері) – Кәсіподақ құрылымының барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының сайланбалы басшылары, кәсіподақ органдарымен еңбек қатынастарында тұратын штаттық кәсіподақтық қызметкерлер мен аппарат мамандары.

8.2. Кәсіподақ кадрларымен жұмыс кадрларды таңдау және резервпен жұмыс жүргізу, тұрақты түрде оқыту мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету, орындаушылық және қаржылық тәртіп пен реттілікті сақтау негізінде кәсіподақ қызметкерлерін әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру жолымен атқарылады.

Кәсіподақтың барлық құрылымдарындағы лауазымдардың атауы, штаттық кәсіподақтық қызметкерлердің сандық мөлшері, еңбекақы төлеуді ұйымдастыру тәртібі Кәсіподақтың Атқару комитетімен белгіленеді.

8.3. Кәсіподақ төрағасымен, мүшелік ұйымдардың төрағаларымен, аумақтық және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен, Кәсіподақ филиалдарының штаттық негізде жұмыс атқаратын төрағаларымен, сондай-ақ олардың орынбасарларымен белгілі бір мерзімге (өкілеттік мерзім) еңбек шарты жасалады.

Кәсіподақ құрылымының барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен және орынбасарларымен еңбек шарттарын жасау жөніндегі Нұсқаулықтар Кәсіподақтың Атқару комитетімен бекітіледі.

8.4. Кәсіподақ құрылымының барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының төрағаларының, орынбасарларының өкілеттігі төмендегі жағдайларда:

- кәсіподақтағы мүшелігі тоқтатылғанда;
- өз өкілеттігін (құзыретін) тоқтату туралы жазбаша өтініш бергенде;
- жоғары тұрған органның дәлелді талабы бойынша;
- сайлаған органның шешімі бойынша өкілеттік тоқтатылғанда;
- тараптардың еркінен тыс жағдайларда;
- Қазақстан Республикасының еңбек заңдылығымен көзделген өзге де жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Өкілеттікті мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім сәйкес сайланбалы алқалы кәсіподақ органының еңбек шартын тоқтатуға негіз болып табылатын қаулысымен қабылданады.

8.5. Сайланбалы алқалы кәсіподақ органы төрағаның өкілеттігі тоқтатылған жағдайда оның міндеттерін 6 ай мерзімге дейін орындауды орынбасарлардың біріне, ал олар болмаған жағдайда – тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органы мүшелерінің біріне жүктеуге құқылы.

Босатылған төрағаның орнына жаңа төраға сайлау, осы Жарғыда белгіленген тәртіппен, алты ай мерзім өткенге дейін өткізіледі. Осындай тәртіппен сайланған төраға лауазымда тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін қызмет атқарады.

9. БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ

9.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымы жиналыста (конференцияда) оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім мекемесінің қызметкерлерімен және (немесе) білімгерлерімен, кемінде үш кәсіподақ мүшесі болғанда құрылады.

9.2. Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымының сайланбалы алқалы кәсіподақ органының шешімі бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымына

бірнеше оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім мекемелерінде жұмыс атқаратын кәсіподақ мүшелері біріге алады.

9.3. Бастауыш кәсіподақ ұйымының негізгі құқықтары мен міндеттері, оның құрылымы, сайланбалы кәсіподақ органдарының өкілеттігі мен жұмыс тәртібі Кәсіподақтың Атқару комитетімен бекітілетін бастауыш ұйым туралы Ережемен айқындалады.

9.4. Кәсіптік білім беру ұйымдарында қызметкерлерді немесе білімгерлерді жеке дара біріктіретін дербес бастауыш ұйымдары, сондай-ақ қызметкерлер мен білімгерлердің біртұтас (біріккен) ұйымдары құрылуы мүмкін. Бұл ретте шешімді тиісті жиналыс (конференция) қабылдайды.

10. КӘСІПОДАҚТЫҢ АУМАҚТЫҚ ҰЙЫМДАРЫ

10.1. Кәсіподақтың аумақтық ұйымы осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Кәсіподақтың мүшелік ұйымының сайланбалы алқалы кәсіподақ органының немесе Кәсіподақтың Атқару Комитетінің шешімі бойынша құрылады. Аумақтық кәсіподақ ұйымдары әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде: аудандар, облыстық мәндегі қалалар, облыстар, астана – Астана қаласында, республикалық мәндегі қалалар Алматы, Шымкентте құрылады.

10.2. Барлық аумақтық ұйымдардың құқықтары, олардың құрылымы, сайланбалы кәсіподақ органдарының өкілеттігі мен жұмыс тәртібі осы Жарғыға сәйкес белгіленеді.

10.3. Кәсіподақтың аумақтық ұйымдарының сайланбалы кәсіподақ органдары осы Жарғыға сәйкес кәсіподақ конференцияларында сайланады және конференциялар аралығында Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымының қызметін ұйымдастырады.

11. КӘСІПОДАҚТЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

11.1. Кәсіподақтың басшы органдары Съезд, Кәсіподақтың Орталық Комитеті, Кәсіподақтың Атқару комитеті, Кәсіподақ төрағасы болып табылады.

Кәсіподақтың бақылау-тексеру комиссиясы Кәсіподақтың бақылау-тексеру органы болып табылады.

11.2. Кәсіподақтың жоғарғы басқару органы – бұл Съезд, оны Кәсіподақтың Орталық Комитеті қажет болған жағдайда, бірақ кем дегенде бес жылда бір рет шақырады.

11.3. Съезд:

11.3.1. Кәсіподақ қызметінің бағыттарын айқындайды, Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек, кәсіби құқықтары мен мүдделерін қорғаудың, Кәсіподақтың ұйымдық-құрылымының жасақталуының маңызды сұрақтарын қарап, Кәсіподақтың қаржылық саясатын белгілейді.

11.3.2. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің және Кәсіподақтың Бақылау-Тексеру комиссиясының қызметі туралы есептерін тыңдайды.

11.3.3. Кәсіподақ Жарғысын бекітеді, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

11.3.4. Кәсіподақ Төрағасын, Кәсіподақ Төрағасының орынбасарларын, Кәсіподақтың Бақылау-Тексеру комиссиясын сайлайды.

11.3.5. Кәсіподақты қайта құру және жою туралы шешім қабылдайды.

11.3.6. Кәсіподақтағы мүлікті жасақтау мен пайдалану принциптерін белгілейді.

11.3.7. Кәсіподақ қызметінің өзге де сұрақтарын шешеді.

11.4. Кезектен тыс Съезд Кәсіподақтың Орталық Комитетінің өз бастамасымен; мүшелік ұйымдардың кемінде үштен екісінің конференцияларының талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Кезектен тыс Съездің шақырылуы туралы шешім осы Жарғыға сәйкес хабарланады.

11.5. Кәсіподақтың Съездер аралығындағы тұрақты жұмыс жасайтын сайланбалы алқалы органы өз отырыстарын Пленум түрінде және қажетіне қарай өткізетін, бірақ жылына кемінде 1 рет шақырылатын Кәсіподақтың Орталық комитеті болып есептеледі.

Кәсіподақтың Орталық Комитеті Кәсіподақ съезінде тікелей енгізу (жолдау) әдісімен жасақталады. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің құрамына Кәсіподақтың әрбір мүшелік ұйымынан екі өкілден, Кәсіподақ филиалдарынан бір өкілден енгізіледі.

Кәсіподақтың Орталық Комитетінің өкілеттік мерзімі – бес жыл.

11.6. Кәсіподақтың Орталық Комитеті:

11.6.1. кәсіподақ мүшелері мен мүшелік ұйымдардың еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғаумен байланысты съездер шешімдері мен жарғылық міндеттерді орындау жөніндегі қызметтің негізгі бағыттарын әзірлейді;

11.6.2. Мемлекеттік биліктің орталық органдарында кәсіподақ мүшелері мен мүшелік ұйымдардың, осы Жарғымен белгіленген мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, құқықтары мен мүдделеріне өкілеттік етеді.

11.6.3. Кәсіподақтың мүліктерін иемдену, пайдалану мен иелік ету тәртібін белгілейді;

11.6.4. Кәсіподақ Жарғысына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар туралы ұсыныстар енгізіп, соңынан оны Съезд бекітуіне ұсынады.

11.6.5. Кәсіподақтың ұйымдары және оның органдарының қызмет тәртібін белгілейтін құқықтық құжаттарды: жобалық жарғылар, үлгілік ережелер және т.б. бекітеді.

11.6.6. Кәсіподақтың ұйымдарын өз қызметі туралы хабарландырып отырады;

11.6.7. Кәсіподақ құрамынан мүшелік ұйымдарды шығару туралы шешім қабылдайды;

11.6.8. заңды тұлғалар мәртебесіндегі құрылымдық ұйымдарды құру, оларды қайта құру мен тарату туралы шешімдерді қабылдайды, олардың жарғылары мен олар туралы ережелерді бекітеді;

11.6.9. Съезд тапсырған (жүктеген) өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

11.7. Кәсіподақтың Орталық Комитет отырыстарының арасындағы қызметін ұйымдастыру үшін Кәсіподақ төрағасының ұсынысы бойынша атқарушы сайланбалы алқалы орган – Кәсіподақтың Атқару комитетін сайлайды.

Кәсіподақтың Атқару комитетінің өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Кәсіподақтың Атқару Комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ 3 айда кемінде 1 рет өткізіледі.

Кәсіподақтың Атқару комитеті:

11.7.1. Кәсіподақ Жарғысының, Съезд, конференциялар, Кәсіподақтың Орталық Комитетінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

11.7.2. Кәсіподақтың аумақтық ұйымдарының, Кәсіподақтың Орталық Комитеті құрған комиссиялардың, секциялар мен өзге де бірлестіктердің қызметін үйлестіреді.

11.7.3. Кәсіподақ кадрларын оқытуды ұйымдастырады.

11.7.4. Кәсіподақтың Орталық Комитеті отырысының өтетін күні мен күн тәртібін белгілейді.

11.7.5. Кәсіподақтың аумақтық ұйымдары жарғыларының, ережелерінің Кәсіподақ Жарғысына сәйкестігі туралы сұрақты қарайды.

11.7.6. Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделеріне қатысты сұрақтар мен мәселелер бойынша заң шығарушы, атқарушы және сот билігін жүргізуші органдарға ұсыныстар енгізеді.

11.7.7. Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес бұқаралық акциялар, оның ішінде бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар және өзге де ұжымдық әрекеттер өткізу, талаптар қою, ереуілдер жариялау туралы шешімдер қабылдайды.

11.7.8. Еңбек заңдылығының, оның ішінде еңбек қорғау туралы заңдылықтың сақталуына қоғамдық бақылау жүргізуді ұйымдастырады.

11.7.9. Кәсіподақтың ұйымдарына тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсетеді, кәсіподақ органдарының озық тәжірибелерін жинақтайды және насихаттап әрі таратады.

11.7.10. Салалық келісім, өзге келісімдерді жасау жөнінде келіссөздер жүргізуді ұйымдастырады, олардың орындалуын бақылайды. Салалық келісімді әзірлеу мен келіссөздерге қатысу құзыреті берілген комиссияны, Кәсіподақтың өзге де комиссияларын жасақтайды.

11.7.11. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің құрылымы мен аппаратының штаттық кестесін, Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының Кәсіподақ филиалдарының үлгілік штаттарын, Кәсіподақтың құқықтық актілері: ережелер, нұсқаулықтар, қағидалар және т.б. бекітеді.

11.7.12. кәсіподақ мүшелерін марапаттау туралы шешімдер қабылдайды.

11.7.13. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары, филиалдары (өкілдіктері) жетекшілерінің Кәсіподақ Жарғысы мен шешімдерін орындауы бойынша есептерін, ақпараттарын тыңдайды;

11.7.14. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің кірістер мен шығыстар сметасын бекітеді;

11.7.15. Осы Жарғының тармақтары мен ережелері бойынша түсіндірмелер береді;

11.7.16. Кәсіподаққа мүшелік ұйымды қабылдау туралы шешім қабылдайды, филиалдар мен өкілдіктер ашады, олар туралы ережелер бекітеді;

11.7.17. Өзге де, оның ішінде Кәсіподақтың Орталық Комитеті тапсырған (жүктеген) құзыреттерді жүзеге асырады.

11.8. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің, Кәсіподақтың Атқару комитетінің отырыстары аралағында Кәсіподақ қызметіне жетекшілікті Төраға жүргізеді.

Кәсіподақ төрағасы бес жылға сайланады.

11.9. Кәсіподақ төрағасы лауазымы бойынша Кәсіподақтың Орталық Комитетінің, Кәсіподақтың Атқару комитетінің отырыстарында төрағалық етеді.

11.10. Кәсіподақ төрағасы:

11.10.1. Кәсіподақ Съезі, Кәсіподақтың Орталық Комитеті, Кәсіподақтың Атқару комитеті шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады, Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары мен филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметін үйлестіреді.

11.10.2. Кәсіподақты мемлекеттік, сот органдарында, қоғамдық бірлестіктерде, өзге ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, халықаралық ұйымдарда сенімхатсыз танытады, қажет жағдайда Кәсіподақ атынан өтініштер білдіріп, үндеулер мен сұраныстар жолдайды.

11.10.3. Кәсіподақ атынан кәсіподақ бірлестіктерімен, мемлекеттік билік органдарымен, халықаралық кәсіподақ бірлестіктерімен және өзге де ұйымдармен келісімдер жасайды.

11.10.4. Кәсіподақтың Атқару комитетімен белгіленген құзырет шегінде Кәсіподақтың мүлкіне және қаржы-қаражатына иелік етеді.

11.10.5. Кәсіподақ төрағасының орынбасарлары арасындағы міндеттемелерді бөледі және оларға жекелеген құзыреттерді жүктейді.

11.10.6. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің аппаратын жасақтайды және жетекшілік етеді, Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының төрағаларымен, Кәсіподақ филиалдарының төрағаларымен, Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының қызметкерлерімен еңбек шартын жасайды, моральдық және материалдық ынталандыру (көтермелеу) шараларын қабылдайды.

11.10.7. Кәсіподақ атынан әрекет етуге, оның ішінде оның мүдделеріне өкілеттік етуге, келісім шарттар жасауға сенімхат береді.

11.10.8. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының төрағаларын сайлауға ұсыныс беріп, Кәсіподақ филиалдарының төрағаларын сайлауға келісім береді, Кәсіподақтың өкілдерін тағайындайды.

11.10.9. Кәсіподақ ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру тағайындайды.

11.10.10. Кәсіподақтың Орталық Комитетімен және Кәсіподақтың Атқару комитетімен берілген (жүктелген) өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

11.11. Кәсіподақ төрағасы Кәсіподақ Съезіне, Съездер аралығында – Кәсіподақтың Орталық Комитеті алдында есепті болып табылады.

11.12. Төраға, Төраға орынбасарлары лауазымдары бойынша Кәсіподақтың Орталық Комитетінің, Кәсіподақтың Атқару комитетінің құрамына кіреді, сондай-ақ Съезд делегаттары болып табылады.

11.13. Кәсіподақ төрағасы болмаған жағдайда оның құзыретін Төрағаның тапсыруы бойынша Кәсіподақ төрағасы орынбасарларының бірі жүзеге асырады.

12. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚАРЖЫСЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮЛКІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ, КӘСІПОДАҚТЫҢ МҮЛІКТЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

12.1. Кәсіподақ қаржылық дербестікке ие, өзінің жеке мүлкі бар.

Кәсіподақтың заңды тұлға ретіндегі құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылығына және осы Жарғыға сәйкес Кәсіподақтың Орталық Комитетімен жүзеге асырылады.

12.2. Кәсіподақ шаруашылық және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы: коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар құру, оның ішінде сақтандыру және өзге қорлар құру; баспа, баспа өнімін шығару мен жарнамалық қызмет; иелігіндегі мүлікті жалға беру; бос қаржы-қаражаттарын банктер, қорлар мен өзге ұйымдарға орналастыру; мәдени-ағарту, спорттық және өзге де бұқаралық шаралар өткізу; қолданыстағы заңдар қайшы келмейтін және жарғылық мақсат-міндеттерге сәйкес өзге де қызметтермен айналысуға құқылы.

Кәсіпкерліктен және өзге қызметтен түскен қаржы мен кірістер осы Жарғымен белгіленген мақсаттарға бағытталады және Кәсіподақ мүшелерінің арасында қайта бөлуге жатпайды.

12.3. Кәсіподақтың мүлігі:

- Кәсіподақтың жарғылық қызметінің негізі болып табылатын әр ай сайынғы кәсіподақ жарналарынан;

- кәсіпкерлік қызметтен және Кәсіподақ құрған ұйымдардың қызметінен, азаматтық-құқықтық келісім шарттардан түскен кірістен;

- Кәсіподақ меншігіндегі салымдар, акциялар мен өзге де құнды қағаздардан алынатын дивиденттерден;

- заңды және жеке тұлғалардың ерікті қайырымдылық салымдары, қайырымдылық жарналарынан;

- Кәсіподақтың Қазақстан Республикасының заңдылығына қайшы келмейтін жолдармен иеленген өзге де мүліктерінен құралады.

12.4. Кәсіподақтың меншігінде ғимараттар, құрал-жабдықтар, жер телімдері, тұрғын үй қоры, көлік, мәдени-ағарту және сауықтыруға арналған және Кәсіподақтың жарғылық қызметін қамтамасыз етуге қажетті өзге де мүліктер болуы мүмкін.

Кәсіподақ өзіне белгіленген тәртіппен берілген өзге де мүлікті иемденеді және пайдаланады.

12.5. Кәсіподақтың мүлігі, оның ішінде қаржы-қаражаты Кәсіподақтың меншігі болып табылады. Кәсіподақ мүшелері өздерінің Кәсіподақ меншігіне берген мүліктеріне, оның ішінде кәсіподақтық мүшелік жарналарға да меншік құқығын сақтамайды.

12.6. Кәсіподақ мүшелері мен мүшелік ұйымдары Кәсіподақтың міндеттемелері бойынша, ал Кәсіподақ өз мүшелері мен мүшелік ұйымдарының міндеттемелері бойынша жауапкершілік артпайды.

13. КӘСІПОДАҚТЫҚ МҮШЕЛІК ЖАРНАНЫ ТӨЛЕУ МЕН ОНЫ ҮЛЕСТІРУ ТӘРТІБІ. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІН ҚАРЖЫНЫҢ ТҮСУІ МЕН ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

13.1. Кәсіподақта кәсіподақтық мүшелік жарнаны жинау мен үлестірудің бірыңғай тәртібі белгіленеді.

Кәсіподақ мүшесінің ай сайынғы ең төменгі мүшелік жарна мөлшері қызметкерге бір айға есептелген барлық түрдегі еңбекақысының 1 пайызы, білімгерлерге тағайындалған шәкіртақысының 1 пайызы, жұмыс істемейтін зейнеткердің зейнетақысының 0,5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

13.2. Кәсіподақ құрылымында кәсіподақтық мүшелік жарналарды ұжымдық шарттарға, келісімдерге сәйкес қолма-қол емес нысанда (аударым арқылы) төлеу жүргізіледі. Мүшелік жарналарды қолма-қол төлеу тек жарнаны дәлелді себептерге байланысты аудару мүмкін болмаған жағдайда ғана пайдаланылады.

13.3. Кәсіподақтың бастауыш ұйымында жиналған кәсіподақтық мүшелік жарналар, толық көлемде, банкте ағымдағы және есепшоттары бар жоғары тұрған ұйымының (аудандық, қалалық комитеттер) есепшотына аударылады.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары ай сайын Кәсіподақтың Орталық Комитетінің шотына мүшелік жарналардың жалпы көлемінің 5 % аударыды, оның 2% Кәсіподақтың Орталық Комитеті Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясына аударыды.

Мүшелік ұйымдардың, филиалдардың (өкілдіктердің) құрылымдарында мүшелік жарнаның үлестірілуі олардың уәкілеттік органдарымен жүргізіледі.

13.4. Кәсіподақтың уәкілетті органдары жыл сайын кезекті жылдың наурыз айынан кешіктірмей тиісті ұйымдардың мүшелерін, сәйкес кәсіподақ активінің жиналыстарында, түскен мүшелік жарналар мен олардың жұмсалуы туралы хабарландырып отырады.

14. КӘСІПОДАҚТАҒЫ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫ

14.1. Кәсіподақта біртұтас бақылау-тексеру қызметі жұмыс атқарады. Кәсіподақтағы Бақылау-тексеру органдарына:

Кәсіподақтың Бақылау-Тексеру Комиссиясы; Кәсіподақтың аумақтық ұйымының бақылау-тексеру комиссиясы; бастауыш кәсіподақ ұйымының бақылау-тексеру комиссиясы жатады.

14.2. Кәсіподақтың Бақылау-Тексеру Комиссиясы Кәсіподақтың Съезде тұрақты жұмыс жасайтын сайланбалы алқалы органымен бір мезгілде сайланатын дербес органы болып табылады.

Кәсіподақтың Бақылау-Тексеру Комиссиясының өкілеттік мерзімі бес жыл.

14.3. Аумақтық және бастауыш ұйымдардың Бақылау-тексеру комиссиялары тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органымен бір мезгілде конференцияда, жиналыста сол өкілеттік мерзіміне сайланады.

14.4. Өз қызметінде бақылау-тексеру органдары жиналыстарға, конференцияларға, Кәсіподақ Съезіне, жоғары тұрған кәсіподақ органына есеп береді, осы Жарғыны және Кәсіподақтың Бақылау-тексеру органдары туралы Ережені басшылыққа алады.

14.5. Бақылау-тексеру комиссиялары Кәсіподақ ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне, сайланбалы кәсіподақ органдарының, олардың құрылтайшылық еткен ұйымдарының қызметіне; кәсіподақтық мүшелік жарналардың есептелуі мен түсуіне; кәсіподақ бюджетінің орындалуына; қаржы-қаражаттың дұрыс жұмсалуына, мүліктің мақсатты пайдаланылуына; тиісті сайланбалы кәсіподақ органдарының ұйымдық-қаржылық тәртіп талаптарын сақтауына бақылау жүргізу үшін құрылады.

14.6. Бақылау-тексеру комиссиясы тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органының жұмысын бір жыл да кемінде бір рет тексеріп отырады.

Кәсіподақтың ұйымдары мен оның сайланбалы кәсіподақ органдары мүшелік жарналарды толыққанды төлеу туралы шешімді үш айдан артық уақыт орындамаса Кәсіподақтың жоғары тұрған ұйымының бақылау-тексеру комиссиясы Жарғыны бұзған ұйымның бақылау-тексеру комиссиясымен бірге оның қаржы қызметінің талдамасын жасап, сайланбалы алқалы кәсіподақ органына тиісті ұсыныстар енгізеді.

14.7. Бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы (төраға орынбасары) тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органының отырысына кеңесші дауыс беру құқығымен қатыса алады.

14.8. Бақылау-тексеру комиссияларының қызметін қаржылай қамтамасыз ету тиісті сайланбалы алқалы кәсіподақ органымен бекітілетін сметаға сәйкес жүргізіледі.

15. КӘСІПОДАҚ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

15.1. Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтыруларды Кәсіподақ Съезі енгізеді.

Съезд шешімі, кворум болған жағдайда, егер оған сайлауға қатысқан делегаттардың жартысынан көбі жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Редакциялық сипаттағы өзгертулер мен толықтырулар Жарғыға Кәсіподақтың Орталық Комитетімен енгізіледі.

15.2. Осы Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңдылығымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс.

16. КӘСІПОДАҚТЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ, КӘСІПОДАҚ ТАРАТЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА МҮЛІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

16.1. Кәсіподақты қайта құру үдерісі бірігу, қосылу, бөліну, жіктелу және қайта ұйымдасу түрінде жүргізілуі мүмкін. Кәсіподақты қайта құрғанда оның құқықтары мен міндеттері құқық иеленушіге көшеді.

16.2. Кәсіподақ:

- Съезд шешімі бойынша;

- сот шешімі, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де жағдайларда таратылады.

16.3. Кәсіподақты тарату немесе қайта құру туралы шешім Съезде қабылданады. Шешім кворум болған жағдайда, егер ол үшін дауыс беруге қатысқан делегаттардың кемінде үштен екісі жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

16.4. Кәсіподақты тарату туралы шешім қабылданғанда, Съезд Тарату комиссиясын тағайындайды. Егер Кәсіподақ қызметі сот шешімімен таратылса, тарату комиссиясы осы органмен тағайындалады.

16.5. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап, оған Кәсіподақ істерін басқару, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексімен көзделген құзыреттер беріледі.

16.6. Барлық есеп айырысулар, несиелер мен өзге де міндетті төлемдер қайтарылғаннан кейін қалған Кәсіподақ мүлігі құқық иеленушіге, ал ол болмаған жағдайда Кәсіподақтар Федерациясына өтеді.

16.7. Тарату аяқталды деп есептеледі, ал «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі бұл туралы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне жазбалар енгізілген сәттен бастап өз қызметін тоқтатады.





1:2